

## Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 19 қазан N 2541

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, оның құрылымын жетілдіріп, қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мыналар таратылсын:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау

комитеті;

2) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы;

3) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет;

<\*>

4) Қазақстан Республикасының білім министрлігі жанындағы Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі комитет;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Лизинг жөніндегі департамент;

6) Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы.

Ескерту. 1-тармақтың 3)-тармақшасынан сөздер алынып тасталды -

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.01.16.

N 2774 жарлығымен.

U962774\_

2. Мыналар құрылсын:

1) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті , оған таратылып отырған Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының және Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабының мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі берілсін;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті, оған таратылып отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің мүлкі мен істерін басқару өкілеттігі берілсін;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылық, оның қарауына Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің есеп айырысу-кассалық орталықтары берілсін.

### 3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Кеден комитеті;

2) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосы Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы;

3) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет;

4) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті;

5) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті;

6) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіпте жұмысын қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі комитеті;

7) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы су ресурстары жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының су ресурстары жөніндегі комитеті;

8) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы;

9) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер және құжаттамалар бас басқармасы Қазақстан Республикасының Архивтер және құжаттамалар бас басқармасы;

10) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Геодезия және картография бас басқармасы Қазақстан Республикасының Геодезия және картография бас басқармасы;

11) Қазақстан Республикасының Атом энергия жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік;

12) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық

аэроғарыш агенттігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі;

13) Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік;

14) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыру департаменті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы;

15) Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитетін бөліп шығару арқылы Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі;

16) Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік "Қазақкино" компаниясы Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы Мемлекеттік "Қазақкино" компаниясы болып қайта құрылсын.

4. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге орталық атқарушы органдарының босатылатын қызметкерлеріне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әлеуметтік кепілдіктер мен өтемдер беріледі деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасын әзірлеп, бекітуге ұсынсын;

2) облыстардың және Алматы қаласының әкімдері аппаратының үлгілік құрылымын және аймақтардың экономикасын ескере отырып, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесін бекітсін;

3) орталық атқарушы органдар қызметкерлерінің санын кемінде жиырма процент, жергілікті органдар қызметкерлерінің санын - он процент қысқартуды қамтамасыз етсін;

4) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге орталық атқарушы органдардың орталық аппаратының құрылымы мен шекті санын, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдарға арналған басқа да нормативтерді бекітсін;

5) осы Жарлыққа сәйкес жаңадан құрылған, қайта құрылған орталық атқарушы органдар туралы ережелерді бекітсін;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп, орталық және жергілікті атқарушы органдарды ұстауға бөлінетін мемлекет қаражатының жұмсалыуына бақылауды қамтамасыз етсін;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына

Президенттің бұрын жарияланған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

8) Үкіметтің бұрын жарияланған актілерін осы Жарлыққа сәйкес

келтірсін.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК